

АЛАКӨЛ

Қорық – мәржебесі бойынша ғылыми мекеме. Ерекше қорғалайтын табиғи аумақта болып жатқан табиғи құбылыстар мен өзгерістерді анықтап, ғылыми тұрғыдан бақылау жүргізетін – Ғылыми, ақпарат және мониторинг бөлімі жылдық жәрмеңкеде жұмысын жүргізеді.

Санақ жұмыстары жүргізіледі. Жаз мезгілінде «Зоология институты» қызметкерлерімен бірлескен далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде құстардан биоанализ алынып, сақиналау жұмыстары жүргізіледі. Экологиялық ағарту бөлімі – жергілікті жерде үгіт – насихат жұмыстарын негізінен жас табиғат жанаушылары болып саналатын оқушылар арасында жүргізіліп келеді. Игілікке айналған дәстүрлі «Саябақтар шеруі» кешенді акциясы аясында Жетісу облысының Алакөл ауданы мен Абай облысының Ұршақ ауданының оқушылары мен тұрғындары арасында қалықтап ұшқан қанатты жәнәкәддер туралы, табиғатымызды түрлі түске бояп тұрған өсімдіктер мен өзге де табиғаттың таптырмас бөлшегі болып табылатын жан-жануарлар мен су өлемі жайлы аудан мектептерінде арнайы экологиялық сабақтар, дәріктер мен кездесулер, экологиялық байқаулар мен

Қорықтың ғылым және экоағартушылық қызметі

Қазіргі таңда орнитология, териология, ботаника, гидробиология, антомология және геоэкология бағытында ғылыми тақырыптар жүргізілуде. Жаңа қар түскен уақытта қысқы маршруттық санақ жұмысы орын алса, қар өрі бастаған кезтемің алғашқы бөлігі наурыз айында ұшып – келіп жатқан құстарға және ондағардың кезтемі және күзгі

сенбіліктер өткізіледі. Осы орайда соңғы бірнеше жылдар бойы Алакөл ауданының мекемелерінде табиғатты қорғауды, суға мен қастерлеуді насихаттау сияқты жоғары жұмыстар қолға алынған.

ҚҰСАЙЫН А.Қ. Алакөл МТҚ Директордың ғылым жөніндегі орынбасары

ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖАСЫЛ КӨПІР

Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тұрақты даму бойынша институты мен бірлесіп, география және табиғаттың пайдалану факультетінің «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасының ұйымдастыруымен ТДМ іске асырудағы университеттердің тұрақты дамудың міндеттерін іске асырудағы университеттердің рөлін арттыру

комиссиясы, Қазақстан және әлемнің түрлі елдері-Италия, Франция, АҚШ, Канада, Гаити, Нигерия, Қырғызстан, Өзбекстан, Өзірбайжан университеттерінің академиялық қоғамдастығының өкілдері, жалпы 50 – ден астам адам қатысты. Вебинарда сөйлеген Бандамашылар қазіргі заманғы университеттер өз елдері мен өңірлері үшін интеллектуалды, инновациялық және тұрақты дамудың рухани орталықтары болып табылатынын атап өтті. Университеттер климаттың өзгеруіне бейімделу, экожүйелерді сақтау және табиғатты тұрақты пайдалану, энергия мен ресурстарды үнемдеу, сонинң ішінде жаңартылған энергия көздерін пайдалану, тұрақты және ақылды қалалар құру, жасыл экономиканы енгізу сияқты өлемдік мәселелерді шешу үшін білімді қалыптастыру арқылы зерттеулерімен, сапалы оқытуымен және қоғамға тікелей қатысуымен тұрақты дамуға әсер ететін тілге тиік өте келе, оларды жүзеге асыру үшін білім беру мен халықаралық ынтымақтастықты

рөлін арттыру тақырыбында халықаралық вебинар өтті.

дамыту керектігін атап өтті. «Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО» кафедрасы ТДМ іске асыру үшін университеттердің халықаралық ынтымақтастығын одан әрі нығайтуды, «Ұрпақтан ұрпаққа жасыл көпір» ақпараттық-коммуникативтік онлайн платформасын пайдалана отырып, ақпарат, тәжірибе және бірлескен пәнаралық инновациялық жобалар алмасу үшін университеттер жөнісін дамытуды жоспарлап отыр.

Г.С. ЖУМАНОВА, доцент м.а. О.А. ЗУБОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доцент м.а.

ҰЛТТЫҚ КӨЛӨНЕР – ТӨРБИЕ КӨЗІ

«Шебердің қолы алтын» дейді атам қазақ. Сөзге де, іске де шебер халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – оның көлөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүнінен көз жауын алатындай бұйым жасаған халық шеберлерінің ісі мақтауға тұрарлықтай өнер туындысы. Осындай шеберлікті қиялмен ұштастырып жүрген Ақтөбелік көлөнершімен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Ұлттық көлөнер – төрбие көзі» тақырыбында кездесу өткізді.

«Шебердің қолы алтын» дейді атам қазақ. Сөзге де, іске де шебер халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – оның көлөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүнінен көз жауын алатындай бұйым жасаған халық шеберлерінің ісі мақтауға тұрарлықтай өнер туындысы. Осындай шеберлікті қиялмен ұштастырып жүрген Ақтөбелік көлөнершімен Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Ұлттық көлөнер – төрбие көзі» тақырыбында кездесу өткізді.

Ол – Ақтөбе қаласының тігіншілер және дизайнерлер қауымдастығының мүшесі, Ақтөбе қаласы жас аналар ассамблеясының құрақ көрпе клубының төрайымы, еттің нанын жаятын сыпыраның жаңа түрінің авторы Жақсымбаева Венера Маратқызы болатын. Шара сұхбат түрінде болды. Мақсаты: Қазақтың көнде болып келе жатқан көлөнер саласын насихаттау, қол шеберлігін арттырып, жаңды жайландыратын тігіншілікті жастарға үйрету. Шара барысында Венера ханымға көптеген қызықты сұрақтар қойылып, әдемі сұхбат болды. Сұхбат аясында Венера ханым өзінің жасаған көрпе-келіш, қоржын, қол сөмке, еттің нанын жайғанда тәсейтін сыпыра т.б. бұйымдарын өкеліп таныстырды. Оның ішінде қоржын ол – қыздарын қазаққа бергілі отырған орыс ұлтының келіншегі арнайы тапсырыспен жасатқан қоржыны екен. Бұны өстіңде көңіліміз бөлше

Шебердің қолы алтын



тігеді екен. Ол көрпелердің таза өрі жинақы тұруы үшін маңызды. Сұхбат барысында Венера ханымның негізгі мамандығы заңгер және хореографтың дипломы бар екенінде білген соң, қонаққаде сұраған едік, көрерменнің көңілін қалдырмайтын әкешіл Венера ханым қосылған әуенге мың бұрала, саусақтары майысып билей жөнелді. Шыны көрек біз мұндайды күтпеген едік. Риза болып қалдық. Венера ханым қолы босай қалса балаларымен сурет салады екен. Мұны тексермек болып шағын ойын ойнаған болатынбыз, яғни экраннан суреттің түрлі жаңғырынан картиналар көрсетіледі, соны көрей отырып ол картинаны өз қиялымен басқарып етіп салып шығуы

ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Калиева Жұмабихе Шамшедиқызы мен «Ай Қарақөз» брендінің негізін қалаушысы, ұстаз Қайрапалова Жайнагул Нағиқызы кешімізге көрермен болып қатысып, соңында сөз сөйлеп Венера Маратқызына өз сыйлықтарын табыстады. Сондай-ақ кітапханамыздың директоры Қалдына Гүлжәйнар Нәренқызы да өзінің жақсы лебісін білдіріп, омы төресі кітап деп, өз-өрнектің түрлері жинақталған әдемі кітап табыстады.

ГҮЛНҰР ИХСАНҒАЛIEBA Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

АҚЫЛ АРЫМАС, АЛТЫН ШІРІМЕС

Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Ымырттағы кітапхана» кеші барысында «Мақал-сөздің мәйегі» атты сайыс өткізілді. Сайысты жүргізудің басты мақсаты оқырмандарға көп естіле бермейтін мақал-мәтелдерді таныстырып, мағынасына сай ақпараттар беру. Күнделікті өмірде қолдануға ықпал ету.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар газырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мөңгі бақи бірге жасап, біле қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сөйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын көледі. Мәтел ақиқат жалын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» деп

Мақал – сөздің мәйегі



Аталмыш шараға кітапхана ісінің ардагері Айтуғанова Айсара алай, қаламыздағы жалпы білім беретін №33 орта мектептің оқытушылары мен оқушылары, «Алақай» қуыршақ театрының қызметкерлері Абай Қаржаубайұлы мен Данияр Нұрадинұлы келіп қатысты.

көрсеткен болатын. Сайыс 5 көзеннен құралды. Өр көзен арасында қатысушылар «Библио кафеде» қонақ болды. Шараға қатысушылар үш топқа бөлінді. Бірінші көзең бойынша берілген сөздерге қатысушылар мақалдарды айтып сайысқа түсті. «Ақыл арымас,

алтын шірімес» дегендей әдемі адамның айтары да білгені де көп болады. Екінші көзең бойынша қатысушылар берілген мақалдардың мағынасын ашып, өз ойларымен бөлісті. Мысалы «Нан да – нан, ұсағы да нан» деген мақалдың мағынасы ысыралымы болмай, шұқршілік айту дегенді білдіреді. Осы секілді мақал-мәтелдердің мағынасын айтып, түсіндіріп берді. Кітапханамыздың жобасы «Библио кафеде» кітапхана ісінің ардагері Айсара алай қонақ болды. Мәзір бойынша «Поэзия жүресін» таңдап, көрермендерге өдемі өлең оқып берді. Сонымен қатар, өзінің өмір жолы мен еңбек еткен жылдарынан естеліктер айтып берді. Келесі көзең бойынша қатысушылар мақалдардың дұрыс-бұрысын тауып, жылдамдықпен сайысқа түсті. Қатысушылар мақалдың құралған мағынасына қарай бұрысын ажырата білді. Сондай-ақ қатысушылар берілген кітаптардың тақырыптарына қарай өздері де мақал құрастырды. Бұл көзең қатысушылар үшін қызықты өрі көңілді өтті. Өр көзең бойынша берілген бағаларын есептеп, сайыстың бөлсендісін марапаттады. «Библио кафе» бұрышына №33 орта мектебінің қызметкері де қатысып, «Кітап жеспесінен» кітаптар туралы ақпараттар алды. Абай Орынбайдың таңдауы «Лирика дәлшасына» түсіп, өдемі лирикалық өлең оқыса, Данияр Сағидұллаев өзінің қызықты естеліктерімен бөлісті. Библио - кафеде қонақ болған оқушылар жұмбақтар шешіп, жаңылтпаштарды жылдам оқыды. Барлығыңызды кітапханамен дос болуға шақырамыз.

СҰЛТАНБЕКОВА ЛАУРА Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы